

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев Ениверситеті

Т.К Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

Тусупбаева Молдир Манарбековна

«Қарағанды қаласындағы Теміржол вокзалы»

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

5B072900 – «Құрылыс» мамандығы

Алматы 2021 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев Университеті

Т.К Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі

Т.ғ.м., лектор

Н.В. Козюкова

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021 ж.

Дипломдық жобаға

**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: «Қарағанды қаласындағы Теміржол вокзалы»

5В072900 – Құрылыс мамандығы

Орындаған

Тусупбаева М. М

Ғылыми жетекші

Наширалиев Ж. Т  
Т.ғ.к, қауымдастырылған  
профессор

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021 ж.

Алматы 2021 ж.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев Университеті

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

5B072900 – Құрылыс

## БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

Т.Ғ.М., лектор

\_\_\_\_\_ Н.В. Козюкова

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_\_ ж.

## Дипломдық жоба орындауға ТАПСЫРМА

Білім алушы Тусупбаева Молдир Манарбековна

Тақырыбы: «Қарағанды қаласындағы Теміржол вокзалы»

Университет ректорының «24» қараша 2021 ж. №2131-б - бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі « 10 » мамыр 2021 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Қарағанды қаласы, ғимараттың конструкциялық жүйесі -үш тәуелсіз блоктарға бөлінген металл қаңқа, сыртқы қабырға – сэндвич панелі

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

- 1) Сәулет-аналитикалық бөлімі: негізгі бастапқы деректер, көлемдік-жоспарлау шешімдері, қоршау конструкцияларының (сыртқы қабырғаның) жылутехникалық есебі, жарықтехникалық есептеу, нұсқаны есептеу фундаменти және салу тереңдігі, энергия тиімділігі бойынша шараларды негіздеу;
- 2) Есептік-конструктивтік бөлімі: колонна және ферма есебі, есептік жүктемелерді анықтау, ферма стержіндерінің қимасын іріктеп алу, ферма түйіндеріндегі жіктерді анықтау;
- 3) Ұйымдастыру-технологиялық бөлім: технологиялық карта әзірлеу, құрылыстың күнтізбелік жоспары және құрылыстың бас жоспары;
- 4) Экономикалық бөлімі: жергілікті смета, объектілік смета, жиынтық смета. Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):
  - 1) Ғимараттың қасбеті мен жоспарлар, қималар, түйіндер, спецификация, -5 парақ;
  - 2) Металл ферманың және ұстынның сызулары, спецификациялар - 2 парақ;
  - 3) Монтаждау жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік

жоспары, құрылыстық бас жоспар – 3 парақ.

Ұсынылатын негізгі әдебиет: 1.ҚР ҚНЖЕ РК 2.04-01-2017 Құрылыс климатологиясы; 2. ҚР ҚНЖЕ 2.04-107-2013 Құрылыс жылу техникасы.

Дипломдық жобаны дайындау  
**КЕСТЕСІ**

Бөлем	30%	60%	90%	100%	Ескертпе
Сәулет-аналитикалық	11.01.2021г.- 14.02.2021г.				
Есептік- конструктивтік		15.02.2021г.- 23.03.2021г.			
Ұйымдастыру- технологиялық			24.03.2021г.- 01.05.2021г.		
Экономикалық				01.05.2021г.- 09.05.2021г.	
Алдын ала қорғау	10.05.2021г.-14.05.2021г.				
Антиплагиат, нормобақылау	17.05.2021г.-31.05.2021г.				
Сапаны бақылау	26.05.2021г.-31.05.2021г.				
Қорғау	01.06.2021г.-11.06.2021г.				

Дипломдық жоба бөлімдерінің  
кеңесшілері мен норма бақылаушының  
аяқталған жобаға қойған **қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулет-аналитикалық	Наширалиев Ж.Т., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор		
Есептік-конструктивтік	Наширалиев Ж.Т., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор		
Ұйымдастыру-технологиялық	Кашкинбаев И.З., д Наширалиев Ж.Т., т.ғ.д., қауымдастырылған профессор		
Экономикалық	Наширалиев Ж.Т., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор		
Нормобақылау	Бек А.А., т.ғ.м., ассистент		
Сапаны бақылау	Козюкова Н.В., т.ғ.м., лектор		

Ғылыми жетекшісі \_\_\_\_\_ Наширалиев Ж. Т  
(қолы)

Тапсырманы орындауға  
алған білім алушы \_\_\_\_\_ Тусупбаева М.М.  
(қолы)

Күні «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

## АНДАТПА

Дипломдық жобаның тақырыбы «Қарағанды қаласындағы Теміржол вокзалы», яғни барлық көңілімізді «теміржол вокзалы» деген сөз тіркесіне аударуымыз керек, демек, жоба толықтай осы бір ғимарат жайлы болады.

Жоба төрт негізгі бөлімнен тұрады олар: сәулет-аналитикалық бөлім, есептік-конструктивтік бөлім, ұйымдастыру-технологиялық бөлім, экономикалық бөлім.

Керекті сызбалар қосымша бөлімде көрсетілген.

Негізгі есептеулерді жүргізгенде барынша жаңа және қазіргі қолданыстағы нормалық құжаттар мен қосымшалар қолданылды. Сәулет пен құрылысқа байланысты компьютерлік бағдарламаларға қоса қол есептеулері де жүргізілді.

## АННОТАЦИЯ

Тема дипломного проекта «Железнодорожный вокзал в городе Караганды», то есть мы должны обратить все свое внимание на словосочетание «железнодорожный вокзал», а значит, проект будет полностью посвящен этому зданию.

Проект состоит из четырех основных разделов: архитектурно-аналитический, расчетно-конструктивный, организационно-технологический, экономический.

Необходимые чертежи указаны в дополнительном разделе.

При проведении основных расчетов использовались наиболее новые и действующие нормативные документы и приложения. Помимо компьютерных программ, связанных с архитектурой и строительством, были проведены ручные расчеты.

## ABSTRACT

The theme of the diploma project is "Train station in Karagandy", that is, we must pay all our attention to the phrase "train station", which means that the project will be completely dedicated to this building.

The project consists of four main sections: architectural and analytical, computational and constructive, organizational and technological, and economic.

The necessary drawings are specified in the additional section.

During the main calculations, the most recent and current regulatory documents and appendices were used. In addition to computer programs related to architecture and construction, manual calculations were carried out.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	
1 Сәулет-аналитикалық бөлім	9
1.1 Құрылыс жүргізілетін аймақ және оның климаттық жағдайы	9
1.2 Сәулет шешімдерінің сипаттамасы	9
1.3 Ғимараттың техникo-экономикалық көрсеткіштері	10
1.4 Жылу-техникалық және жарық-техникалық есептеулер	10
1.5 Инженерлік желілер	11
1.6 Энергия және жылу үнемдеу	11
1.7 Өрт қауіпсіздігі	12
1.8 Көлемдік - жоспарлау шешімдерін нақтылау және конструктивті схеманы таңдау	12
1.9 Іргетастың негізгі өлшемдері мен іргетасты салу тереңдігі	13
1.10 Конструкциялар алдын - ала өлшемдері, материалдары	14
1.11 Ғимарат қаңқасы	15
2 Есептік-конструктивтік бөлім	16
2.1 Есептік схема	16
2.2 Жүктеме жинау	16
2.3 Комбинация құру	18
2.4 Негізді модельдеу	20
2.5 Есептеу қорытындысы	23
2.6 Конструкцияларды есептеу. Қол есебі	24
3 Ұйымдастыру-технологиялық бөлім	34
3.1 Іргетасты, металл ұстынды, ферманы монтаждауға бағыттау	34
3.2 Ұстынды, ферманы монтаждауға кран таңдау	35
3.3 Уақытша жолдар	37
3.4 Уақытша ғимараттар	37
3.5 Құрылыс алаңын уақытша жарықтандыру	39
3.6 Су деңгейін төмендету	40
4 Экономикалық бөлім	41
Қорытынды	
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	
Қосымша	
А Қосымшасы	45
Б Қосымшасы	46
В Қосымшасы	61

## КІРІСПЕ

Құрылыс мамандығы үлкен жауапкершілікті қажет ететін мамандық ретінде белгілі. Құрылысты жүргізуге көп қаражат, көп күш және көп уақыт керек. Бұл құраушылардан бөлек, құрылыс әрқашан сапалы жүргізілуі тікелей ғимарат сенімділігіне, ол болса, адамдардың қауіпсіздігімен тікелей байланысты болады.

Құрылысты жүргізу, бұрын және қазір, айырмашылықтары бар, өзгерістер бар. Қазіргі күнде, құрылысты жобалау мен есептеу, толықтай дей алмасақ та, көп бөлігі информациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады. Құрылыс жобасының эскизінен бастап, оның толықтай жобалануы, визуализациясы, жобаны басқару, барлығы дерлік, информациялық технологиялардың көмегімен тез, әрі сапалы жасауға болатыны осы күнге дейін дәлелденіп келуде.

Информациялық технологияларды жүзеге асыруға автоматтандырылған жобалау жүйелері қолданылады.

Автоматтандырылған жобалау жүйелерін қысқаша САПР деп атайды.

Жобаның өзектілігі-бұл жоба автоматтандырылған жобалау жүйелерінде жобаланған және есептелген.

Жобада келесі жобалау жүйелері қолданылды:

Ғимаратты жобалауға, визуализацияны алуға, яғни 2D, 3D моделін алуға Autodesk компаниясы ұсынған Revit және AutoCAD бағдарламалары қолданылды.

Есептік-конструктивтік бөлімде есептеулерді жүргізу және есептік схеманы тұрғызу мен оны тексеруді Лира САПР бағдарламалық кешені арқылы іске асты.

Экономикалық бөлімде құрылыстың сметасы керек болды, сметаны шығаруға да белгілі бір компьютерлік бағдарламалық кешен қолданылды, бағдарламалық кешен атауы ABC-4.

Жоспарланған ғимарат вокзалдық кешеннің құрамдас бөліктерінің бірі, жолаушыларға қызмет көрсетуге арналған ғимарат түрі.



## 1 Сәулет-аналитикалық бөлім

### 1.1 Құрылыс жүргізілетін аймақ және оның климаттық жағдайы

Жоба бойынша таңдалған қала - Қазақстанның орталық бөлігінде орналасқан Қарағанды қаласы. Қарағанды қаласының климаттық ерекшелігі - қалыпты жағдайдағы суықта сақталады. Жылдық орташа ауа-райының көрсеткіші минус 3-4 градус Цельсий аралығында болады.

Климаттық аймақ ІВ [1];

Қар жүктемесі 1,5 III аймақ [2];

Жел жүктемесі бойынша I аймақ [2];

Ең суық бескүндегі ауа температурасының мәні - 35 градус Цельсий.

### 1.2 Сәулет шешімдерінің сипаттамасы

Темір жол вокзалдарының класын 1 формула бойынша анықтаймыз [3]:

$$K = (P \cdot 1) + \left( \frac{S}{100 \text{ м}^2} \right) = (4110 \cdot 1) + \left( \frac{6048}{100 \text{ м}^2} \right) \approx 4171 \text{ балл}$$

мұнда K - вокзал класы;

P - жылдық есептегенде бір тәуліктегі жолаушылар;

S - вокзал үй жайын жалпы алаңын ұстау;

T - қосымша конструкциялар мен қондырғылар;

Темір жол вокзалдарының класын 1 кесте бойынша формуладан шыққан балына сәйкес таңдаймыз [3]. Төрт кластың ішінен, класстан тыс категориясына сәйкес келді.

Жолаушылар саны 1500 асатын, яғни 2000 жететін сыйымдылығына байланысты кластан тыс категориясына енгізіледі.

Теміржол вокзалы ғимаратының қаңқасы металл материалынан жасалуы көзделді. Вокзал толықтай бірдей қабаттардан тұрмағандықтан, сәулет ерекшелігін ескере келе үш тәуелсіз блоктарға бөлінген. Бірінші блок-екі қабаттан, екінші блок-бір қабатты, үшінші блок-үш қабатты болып келеді.

Сыртқы қабырға түрі - сэндвич-панель. Сэндвич-панельдерге әрлеудің қажеті болмайды, керекті түстерді алдын-ала алуға болады, өйткені сэндвич-панель полимерлі шайырмен қапталады.

Жабынға сэндвич-панель қабылданды.

Негізгі кіретін есіктердің ең төменгі ені 1,2 м кем емес, ал қалғандары 0,9 м кем болмауы тиіс. Есік ойықтарында еден мен табалдырық биіктігінің айырмасы болмауы тиіс [3].

Ғимаратқа кірер алдында металл қабырғалары, металл жабыны, витражды бар кіреберіс үй-жайы жобаланды. Кіреберіс сәулеттік көркемдігін жақсарту мақсатында жобаланды.

Лифт жүккөтергіш және ол үш этажды бар блокта орналасады.

Эскалатор жертөле мен бірінші қабат аралығында, сонымен қатар бірінші этаж бен екінші этаж аралығында орналасады.

Баспалдақ монолитті темірбетонды және косоуры металл профилінен жасалған. Баспалдақ екі этажды бар блокта екі этаждын арасында, үш этажды бар блокта үш этаж арасында орналасады деп жобаланды.

Сәулеттік көркемдігін жақсарту мақсатында кіреберіс пен жалпы сәулеттік шатыр ретінде жеңіл металдан

### 1.3 Ғимараттың технико-экономикалық көрсеткіштері

Вокзал алып жатқан ауданы  $6048\text{м}^2$

Бір этаж биіктігі 3,3м

Көлемі  $91324\text{м}^3$ ; Жертөле биіктігі 3,3м

### 1.4 Жылу-техникалық және жарық-техникалық есептеулер

Жылу техникалық есептеу [6].

Үй-жайлар ауасының есептік температурасы  $t_{в} = 20$  градус Цельсий [6];

Қысқы мезгілі кезінде сыртқы ауаның есептік температурасы соның ішінде ең суық бес күндік температурасы  $t_{н} = -32$  градус Цельсий, қамтамасыз етілу мәні 0,92. 3.1 Кесте [1];

$m_p$  – құрылыс аймағының ерекшеліктерін ескеретін коэффициент. Формула бойынша есептегенде 1 тең болып қабылданады [6];

$\Delta t^H = 4,5$  – қоршайтын конструкцияның ішкі бетінің температурасы мен ішкі ауаның температурасы арасындағы нормаланған температуралық ауытқу [6];

$\alpha_H = 23 \frac{\text{Вт}}{\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}}$  – қоршайтын конструкцияның сыртқы бетінің жылу беру

Коэффициенті [6];

$\alpha_H = 8,7 \frac{\text{Вт}}{\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}}$  – қоршайтын конструкцияның ішкі бетінің жылу беру

Коэффициенті [6];

1 Кесте – Сэндвич-панель қабаттары

Қабат қалыңдығы мм	Қабат атауы	Вт/м <sup>2</sup> ·°C
$\delta_1 = 0,7$	Мырышталған болаттан жұқа парақ	$\lambda_1 = 58$
$\delta_2$	Пенополистерол	$\lambda_2 = 0,038$
$\delta_3 = 10$	Полиуретанды екі компонентті желім	$\lambda_3 = 0,32$

Қоршайтын конструкцияның жылу берілісіне берілген кедергінің нормаланған мәнін формула арқылы анықтау керек 6.2.1 [6]:

$$R_0^{\text{норм}} = R_0^{\text{ТР}} \cdot m_p \quad (1)$$

мұндағы  $R_0^{\text{ТР}}$  – қоршайтын конструкцияның жылу берілісіне қажетті кедергінің базалық мәні, 6.1 Кесте бойынша анықтау керек [6].

Жылыту кезеңінің градус-тәулігі (ЖКТГ) 6.22 [6]:

$$\text{ГСОП} = (t_b - t_{\text{от}}) \cdot z_{\text{от}} = (20 - (-4,8)) \cdot 207 = 5133,6^\circ\text{C} \cdot \text{тәу/жыл},$$

мұндағы  $t_{\text{от}}$  – жылыту маусымының орташа температурасы;

$z_{\text{от}}$  – жылыту тәуліктерінің саны.

ЖКТГ 5133,6 кезіндегі мәнін интерполяция арқылы 3.1 Кестеден алынады  $R_0^{\text{ТР}} = 2,74 \text{ м}^2 \cdot \text{C/Вт}$  [1].

Белгісіз  $\delta_2$  – жылытқыш қалыңдығы есептеледі

$$\delta_2 = \lambda_2 \cdot (R_0^{\text{ТР}} - \frac{1}{\alpha_n} - \frac{\delta_1}{\lambda_1} - \frac{\delta_3}{\lambda_3} - \frac{1}{\alpha_b}) = 0,038 \cdot (2,74 - \frac{1}{8,7} - \frac{0,0007}{58} - \frac{0,1}{0,32} - \frac{1}{23}) = 0,086 \text{ м}$$

Жылытқыш қалыңдығы стандартты 100 мм қабылданды.

Жылуөткізгіштікке кедергі R

$$R_0 = \frac{1}{\alpha_b} + \frac{\delta_1}{\lambda_1} + \frac{\delta_2}{\lambda_2} + \frac{\delta_3}{\lambda_3} + \frac{1}{\alpha_n} = \frac{1}{8,7} + \frac{0,0007}{58} + \frac{0,1}{0,32} + \frac{1}{23} = 3,1$$

Шартты тексеру

$$R_0^{\text{норм}} < R \quad (2)$$

$$R_0^{\text{норм}} = 2,74 < R = 3,1$$

Шарт орындалды.

120 мм болатын сэндвич-панель қабылданды.

Темір жол вокзалының үй-жайын жарықтандыру 11 Кесте [3].

## 1.5 Инженерлік желілер

Жылумен қамту, сумен қамту, канализация тоқпен қамту газбен қамту қалалық жерасты желілері арқылы болады.

## 1.6 Энергия және жылу үнемдеу

Су ағынын үнемдеу және шектеу үшін қоғамдық дәретханалардағы барлық қолжуғыштарда «экошақыру» интеллектуалдық құрылғысымен жабдықталған араластырғыштарды қарастыру керек. Санитарлық тораптарда таймерге жанасу немесе инфрақызыл типті және ағынды шектегіші бар басқару жүйесімен, ауаны қанықтыратын типті крандарды қолдану ұсынылады [3].

Жылудың дәстүрлі көздерімен қоса, экономикалық жағынан тиімді, энергия үнемдегіш және экологиялық таза жүйе ретінде газбен жылыту жүйесін қолдану рұқсат етіледі [3].

Темір жол вокзалдарында үй-жайлар мен аумақтарды тиімді жарықтандыру үшін энергия үнемдегіш қондырғыларды қолдану ұсынылады. Сондай-ақ ғимараттарда энергия пайдалануды оңтайландыру үшін басқарудың интеллектуалдық жүйелерін (мысалы, сирек қолданылатын аймақтардағы жарық датчиктері немесе эскалаторлардың қозғалыс датчиктері) қолдану қажет [3].

Вокзалдарда ғимараттың терезе конструкцияларына энергиялық тиімділікті арттыруға қолайлы әсер ететін, жарық шағылыстратын немесе спектрлік іріктемелі пленкаларды қолдану рұқсат етіледі [3].

Жарықтандыру қажеттілігі үшін тұтынылатын электр энергиясын үнемдеу мақсатында басқарудың жеке режимі арқылы вокзал кешенін жарықтандырудың автоматтандырылған жүйесін қарастыру керек [3].

### **1.7 Өрт қауіпсіздігі**

Теміржол вокзалының үй жайы мен құрылыстарында өрт клапандарының отқа төзімділігінің ең төменгі шегі EI 90 өрттен қорғаудың сплинкерлік жүйесін қолдану ұсынылады. Вокзал ғимараттарында қабаттан кемінде екі эвакуациялық шығаберіс қарастырылуы тиіс. Өрт гидранттарын жүріс бөлігінің шетінен 2,5 м аспайтын және ғимараттардың қабырғаларынан 5 м аспайтын қашықтықта орналастыру керек [3].

### **1.8 Көлемдік - жоспарлау шешімдерін нақтылау және конструктивті схеманы таңдау**

Темір жол вокзалдарының негізгі үй-жайлардың құрамы мен ауданы А.1 Кесте бойынша алынадыт [3].

Ғимарат қаңқасының түрі ретінде рамалы-байланысты схеманы таңдау ұтымды болды. Рамалы-байланысты схеманың ерекшелігіне сәйкес, ғимарат қаңқасы ғимараттың ұзына бойы бірдей қадаммен орналастырылатын көлденең рамалардан тұрады.

Ғимарат қаңқасының құрамдас бөлігі ретінде қызмет атқаратын байланыстардың өзіндік маңызды орны бар.

Көлденең байланыстар екі бөлікте орналасады. Стропильді ферманың жоғарғы және төменгі белдеулерінде.

Кергіштер ғимараттың ұзына бойы ферманың жоғарғы және төменгі белдеуіне қыстырылды. Оған қоса, ұстындар арасына да ғимараттың ұзына бойы орнатылды.

Бойлық және көлденең байланыстар орнатылды

Кергіштер-стропильді фермалардың төменгі белдеулерінің сол сияқты жоғарғы белдеулерінің арасына орналастырылады. Кергіштерді бұлай орналастырудың себептері бар. Кергіштер белдеулерді өзара байланыстыру арқылы ығысуға жол бермейді.

Сэндвич-панельдер қоршау конструкцияларының қатарына енгізілді, нақтырақ, қабырға мен жабын қызметін атқарады. Әсіресе, болат қаңқа болғандығы себеп ретінде алға қойылады.

Болат ұстындарға бағаналы іргетас таңдалды.

Болаттан жасалған ұстындары бар ғимарат болғандықтан, тікелей болат қаңқа таңдалуына байланысты іргетас түрі сәйкесінше қабылданды.

## 1.9 Іргетастың негізгі өлшемдері мен іргетасты салу тереңдігі

Іргетасты салу тереңдігі

Топырақтың мезгілдік тоңдануының нормативтік тереңдігі 4 формула бойынша [8]:

$$d_{fn} = d_0 \sqrt{M_t} = 0,23 \cdot \sqrt{-18,3} = 0,98$$

мұнда  $d_0$  топырақ түріне байланысты қабылданатын шама, м (саздақтар мен сазбалшықтар үшін 0,23;) [8].

Топырақтың мезгілдік тоңдануының есептік тереңдігі 5 формула бойынша [8]:

$$d_f = k_h \cdot d_{fn} = 0,6 \cdot 0,98 = 0,6 \text{ м}$$

мұндағы  $k_h$ -ғимараттың жылулық күйін ескеретін еселік 2 кестеден(жертөлесі немесе техникалық жерасты қабаты бар 0,6) [8].

$$d_w = 3,8 > d_f + 2,5 \text{ кестеден алынды [8].}$$

мұнда  $d_w$  - су деңгейінің орналасу тереңдігі

3 Кесте бойынша іргетасты салу тереңдігі  $d_f$  тен кем емес болуы керек.

Іргетасты салу тереңдігі 2,2 алынды.

Іргетастың алдын-ала өлшемдері [8]:

$$A = \frac{N}{R_0 - \gamma \cdot d} = \frac{409}{350 - 20 \cdot 2,2} = 1,3 \text{ м}^2$$

мұндағы N-ғимараттың қаңқасын есептеуден кейін алынған ұстыннан тік жүктеме;

$R_0$ - ҚР ЕЖ 5.01-102-2013 В қосымшасында келтірілген алдын-ала есептеуге топырақтың есептік кедергісі(саздақ үшін Б.3 кестесі) [8];

$\gamma$ -алдын-ала қабылданатын, іргетас пен оның кесінділеріндегі топыраққа байланысты топырақ меншікті салмағының орташа мәніне сәйкес;

$$1,3 \text{ м}^2 + 20\% = 1,56 \text{ м}^2$$

Алдын - ала іргетас өлшемдерін  $1,8 \times 1,8 = 3,24 \text{ м}^2$  қабылданады.

Максималды және минималды жиек қысымы бойынша 12 формуламен табылады [8]:

$$P_{\max} = \frac{N}{A} + \gamma_m \cdot d + \frac{M}{W} = \frac{409}{3,24} + 20 \cdot 2,2 + \frac{373,8}{0,972} = 554,7,$$

$$P_{\min} = \frac{N}{A} + \gamma_m \cdot d - \frac{M}{W} = \frac{409}{3,24} + 20 \cdot 2,2 - \frac{373,8}{0,972} = -214,36.$$

мұндағы  $N$  - ұстыннан тік жүктеме кН;

$A$  - іргетас ауданы  $m^2$ ;

$\gamma_m$  - алдын-ала қабылданатын, іргетас пен оның кесінділеріндегі топыраққа байланысты топырақ меншікті салмағының орташа мәніне сәйкес;

$d$  - Іргетастың тереңдігі;

Іргетас негізіне әсер ететін барлық жүктемелердің нәтижесінен момент кН·м табылуы келесідей [8]:

$$M = M_x + Q_x \cdot d = 1,3 + 16,4 \cdot 2,2 = 16,06 \text{ т} = 373,8 \text{ кНм}$$

Іргетас табанының кедергі моменті, тікбұрышты қима үшін [8]:

$$W = \frac{b \cdot l^2}{6} = \frac{1,8 \cdot 1,8^2}{6} = 0,972 \text{ м}^3$$

Шарт бойынша  $P_{\min} \geq 0$

Жоғарыдағы есептеу бойынша  $P_{\min} = -214,36 < 0$ .

Шарт орындалмағандықтан, іргетас өлшемдерін үлкейту көзделеді.

Алдын-ала іргетас өлшемдерін  $3 \times 3 = 9 \text{ м}^2$  қабылданады. Басқа керекті параметрлер өзгертілмейді.

$$W = \frac{b \cdot l^2}{6} = \frac{3 \cdot 3^2}{6} = 4,5 \text{ м}^3,$$

$$P_{\max} = \frac{N}{A} + \gamma_m \cdot d + \frac{M}{W} = \frac{409}{9} + 20 \cdot 2,2 + \frac{373,8}{4,5} = 172,4,$$

$$P_{\min} = \frac{N}{A} + \gamma_m \cdot d - \frac{M}{W} = \frac{409}{9} + 20 \cdot 2,2 - \frac{373,8}{4,5} = 6,33.$$

Шарт бойынша  $P_{\min} \geq 0$


Жоғарыдағы есептеу бойынша  $P_{\min} = 6,33 > 0$ .

Шарты орындалғандықтан, қабылданады: бағаналы іргетас, өлшемдері  $b=3\text{м}; l=3\text{м}$ .

## 1.10 Конструкциялар алдын - ала өлшемдері, материалдары

Қабырға сэндвич - панель өлшемдері  $b \times l = 1200 \times 6000 \text{ мм}$

Жабын ретінде сэндвич - панель қолданылады, бірақ сэндвич - панельге қоса керекті қабаттар болады.



1-Гидрооқшаулау; 2-Бөлетін қабат; 3-Түзеткіш қабат; 4-Жылу оқшаулау және гидрооқшаулау үшін механикалық бекіту; 5-Профбет; 6-Профбетті бекіту; 7-Сэндвич панель; 8-Көтергіш металл конструкциясы; [9]

1 Сурет - Жабын сэндвич - панелі

Жабын сэндвич - панель өлшемдері  $b \times l = 1000 \times 8000$  мм.

Іргетастың гидрооқшаулауы ретінде битум қолданылады.

Алдын -ала ғимарат ұстындарының қималары болаттан жасалған ГОСТ 26020-83 [4] сортаментінен 30К3 түрі қабылданды.

Прогондар ГОСТ 8240-97 [5] бойынша таңдалды.


Арақабырғалар металдан жасалған қаңқа, гипстен жасалған қабырға плитасымен әрленген, қалыңдығы 155 мм.

Еден және қабат аралық аражабын болып қалыңдығы 200 мм болатын профильді парақ бойынша қабылданды.

Жертөле едені ретінде құм төсемі бар бетон еден таңдалды.

Болаттан жасалған ферма ұзындығы 36 м, белдеулері параллельді. Ферма ғимарат аралығы бойынша орналастырылды.

### 1.11 Ғимарат қаңқасы




2 Сурет – Металл қаңқа

## 2 Есептік-конструктивтік бөлім


### 2.1 Есептік схема

Собственный вес




3 Сурет - Есептік схема ЛИРА - САПР 2016

### 2.2 Жүктеме жинау



4 Сурет - Жүктемелер түрлері





5 Сурет - Есептеу кезінде таңдалған нормативтік құжат

Қар жүктемесі [2]

Жабынға қар жүктемелері келесі түрде анықталады:

а) тұрақты/өтпелі есептік жағдайларға, 5.1 формула бойынша [2]:

$$S = \mu \cdot C_e \cdot C_t \cdot S_k = 0,8 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1,5 = 1,2 \text{ кПа} = 0,12 \text{ т/м}^2$$

мұндағы  $\mu$  - қар жүктемелері нысандарының коэффициенті: бір жағы құламалы шатырдың  $\alpha$  көлбеу бұрышы  $0^\circ \leq \alpha \leq 30^\circ = 0,8$ ; (5.2 Кесте) [2];

$S_k$  – топыраққа қар жүктемелерінің сипаттамалық мәні;

Қарағанды қаласы III=1,5кПа карта бойынша [2];

$C_e$ —қоршаған орта коэффициенті: қалыпты = 1,0; (5.1 Кесте) [2];

$C_t$ —жылу коэффициенті.

Жел жүктемесі [2]

Есептік жағдай 1: Жергілікті кедір-бұдырлықты, орфографиясын және іргелес жатқан биік ғимараттарды ескермей жел қысымын анықтау [2]:

Ғимарат 60x36x13,2(h). Жел ауданы I карта бойынша [2].

X бойынша

Жел жақ бетіндегі сыртқы қысым (D аймағы. 7.2.2(1) - әдістемесі бойынша  $h < b(13,2 < 36)$ ) [2]

Жел қысымы  $w_e$  формуласы [2]:

$$w_e = q_p(z_e) C_{pe}$$

мұндағы  $q_p(z_e)$ —жел арынының жылдамдығының шың мәні  $q_p(z)=c_e(z) \cdot q_b$  [2];

$c_{pe}$ —сыртқы қысымның аэродинамикалық коэффициенті 7.1

Кестес бойынша  $h/d=0,4$   $c_{pe}=+0,8$  болғанда [2].

I-ші жел ауданына (Қарағанды) жел арынының негізгі жылдамдығы  $q_b=0,25$ кПа:

Жел қысымы  $w_e$  мынаған тең (D):

$$Z_e=13,2 \quad c_e(13,2)=2,9 \quad w_e=0,8 \cdot 250 \cdot 2,9=580 \text{ Па} =0,059 \text{ т/м}^2.$$

Жел жүктемесі D зонасы

$$P = h \cdot w_e=13,2 \cdot 0,059=0,778 \text{ т/м.}$$

Бүйір жағына сыртқы қысым:

$w_e$  жел қысымы мынаған тең:

$$c_{pe} = -0,5 \quad c_e(13,2) = 2,9 \quad w_e = -0,5 \cdot 250 \cdot 2,9 = -362,5 \text{ Па}=-0,036 \text{ т/м}^2.$$

Жел жүктемесі E зонасы

$$P = h \cdot w_e=13,2 \cdot 0,036=0,475 \text{ т/м.}$$

У бойынша

Жел жақ бетіндегі сыртқы қысым (D аймағы. 7.2.2(1) - әдістемесі бойынша  $h < b(13,2 < 60)$ ) [2]

сыртқы қысымның аэродинамикалық коэффициенті  $c_{pe}$  7.1 Кестесі бойынша  $h/d=0,22$   $c_{pe}=+0,7$  болғанда [2].

Жел қысымы  $w_e$  мынаған тең(D):

$$Z_e=13,2 \quad c_e(13,2)=2,9 \quad w_e=0,7 \cdot 250 \cdot 2,9=507,5 \text{ Па} =0,051 \text{ т/м}^2.$$

Жел жүктемесі D зонасы

$$P = h \cdot w_e=13,2 \cdot 0,051=0,673 \text{ т/м.}$$

Бүйір жағына сыртқы қысым:

$w_e$  жел қысымы мынаған тең:

$$c_{pe} = -0,5 \quad c_e(13,2) = 2,9 \quad w_e = -0,5 \cdot 250 \cdot 2,9 = -362,5 \text{ Па}=-0,036 \text{ т/м}^2.$$

Жел жүктемесі E зонасы

$$P = h \cdot w_e=13,2 \cdot 0,036=0,475 \text{ т/м.}$$

### 2.3 Комбинация құру

Әсерлер комбинациясы (формулалар) [10]

РСН

Негізгі:

Комбинация формула 6.10 [10]:

$$\sum_{j \geq 1} \gamma_{G,j} G_{k,j} + \gamma_p P + \gamma_{Q,1} Q_{k,1} + \sum_{i > 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} \quad (3)$$

мұндағы  $\gamma_{G,j}$  —  $G_j$  тұрақты әсер үшін жеке коэффициент;

$G_{k,j}$  — тұрақты әсердің характеристикалық мәні;

$\gamma_{Q,1}$  —  $Q_{0,1}$  өтпелі әсерге жеке коэффициент, басым;

$Q_{k,1}$  – басым өтпелі әсердің характеристикалық мәні;  
 $\gamma_{Q,i}$  – ілеспелі өтпелі әсерге жеке коэффициент;  
 $\psi_{0,i}$  - ілеспелі өтпелі әсердің комбинациялық мәніне коэффициент;  
 Комбинация формула 6.10a [10]:

$$\sum_{j \geq 1} \gamma_{G,j} G_{k,j} + \gamma_p P + \gamma_{Q,1} \psi_{0,1} Q_{k,1} + \sum_{i > 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i} \quad (4)$$

мұндағы  $\psi_{0,1}$  – басым өтпелі әсерге комбинациялық мәніне коэффициент;

$Q_{k,i}$  –  $i$  ілеспелі өтпелі әсердің характеристикалық мәні  
 Комбинация формула 6.10b [10]:

$$\sum_{j \geq 1} \xi_j \gamma_{G,j} G_{k,j} + \gamma_p P + \gamma_{Q,1} Q_{k,1} + \sum_{i > 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i} \quad (5)$$

мұндағы  $\xi$ - редукция коэффициенті.

Комбинация формула 6.14b характеристикалық [10]:

$$\sum_{j \geq 1} G_{k,j} + P + Q_{k,1} + \sum_{i > 1} \psi_{0,i} Q_{k,i} \quad (6)$$

Комбинация формула квазитұрақты 6.16b [10]:

$$\sum_{j \geq 1} G_{k,j} + P + \sum_{i > 1} \psi_{2,i} Q_{k,i} \quad (7)$$

СН РК EN 1990:2002+A1												
N загруз.	Наименование	Вид	Знакоперем	Взаимоскл.	Коэф. безоп.	РСН1	РСН2	РСН3	РСН4	РСН5	РСН6	
1	Собственный вес	Постоянное, G	+		1.0	1.	1.	1.	1.	1.	1.	
2	Нагрузка от ограждений	Постоянное, G	+		1.0	1.	1.	1.	1.	1.	1.	
3	Снег	Временное, Q	+		1.0	1.3	1.3	1.3	1.3	0.65	0.65	
4	Ветер «X»	Временное, Q	+		1.0	0.78	0.	0.	0.	1.3	0.	
5	Ветер «X»	Временное, Q	+		1.0	0.	0.78	0.	0.	0.	1.3	
6	Ветер «Y»	Временное, Q	+		1.0	0.	0.	0.78	0.	0.	0.	
7	Ветер «Z»	Временное, Q	+		1.0	0.	0.	0.	0.78	0.	0.	
8	Пульсация по «X»	Неактивное, Qo	+		1.0	0.	0.	0.	0.	0.	0.	
9	Пульсация по «X»	Неактивное, Qo	+		1.0	0.	0.	0.	0.	0.	0.	

6 Сурет - РСН 1-6 Лира - САПР 2016

CH PK EN 1990:2002+A1													
N загрк.	Наименование	PCH7	PCH8	PCH9	PCH10	PCH11	PCH12	PCH13	PCH14	PCH15	PCH16	PCH17	PCH18
1	1	Собственный вес	1.	1.	1.	1.	1.	1.	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85
2	2	Нагрузка от ограждающ	1.	1.	1.	1.	1.	1.	0.85	0.85	0.85	0.85	0.85
3	3	Снег	0.65	0.65	0.65	0.65	0.65	0.65	1.3	1.3	1.3	0.65	0.65
4	4	Ветер «X»	0.	0.	0.78	0.	0.	0.	0.78	0.	0.	1.3	0.
5	5	Ветер «X»	0.	0.	0.	0.78	0.	0.	0.	0.78	0.	0.	1.3
6	6	Ветер «Y»	1.3	0.	0.	0.	0.78	0.	0.	0.	0.78	0.	0.
7	7	Ветер «Y»	0.	1.3	0.	0.	0.	0.78	0.	0.	0.	0.78	0.
8	8	Пальсация по «X»	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.
9	9	Пальсация по «X»	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.

## 7 Сурет - PCH 7-18 Лира - САПР 2016

CH PK EN 1990:2002+A1													
N загрк.	Наименование	PCH18	PCH19	PCH20	PCH21	PCH22	PCH23	PCH24	PCH25	PCH26	PCH27	PCH28	PCH29
1	1	Собственный вес	0.85	0.85	0.85	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.
2	2	Нагрузка от ограждающ	0.85	0.85	0.85	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.	1.
3	3	Снег	0.65	0.65	0.65	1.	1.	1.	1.	0.5	0.5	0.5	0.
4	4	Ветер «X»	0.	0.	0.	0.6	0.	0.	0.	1.	0.	0.	0.
5	5	Ветер «X»	1.3	0.	0.	0.	0.6	0.	0.	1.	0.	0.	0.
6	6	Ветер «Y»	0.	1.3	0.	0.	0.	0.6	0.	0.	1.	0.	0.
7	7	Ветер «Y»	0.	0.	1.3	0.	0.	0.	0.6	0.	0.	1.	0.
8	8	Пальсация по «X»	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.
9	9	Пальсация по «X»	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.	0.

## 8 Сурет - PCH 19-29 Лира - САПР 2016

### 2.4 Негізді модельдеу

Инструменттер панелінде расширенное редактирование, грунт, модель грунта таңдалады.

Модель грунта ✕

Файл грунта (\*.sld), связанный с текущей моделью грунта: Расчет C1, C2 | Привязка

RA SAPR\LIRA SAPR 2016 NonCommercial\Data\nocsl 1.sld

Передать в ГРУНТ плиты с ненулевым Pz как группу нагрузок 1  
 Не обновлять нагрузки на грунт  
 Передать параметры из закладки «Расчет C1, C2»  
 Разместить расчетную схему на модели грунта согласно закладки «Привязка»

Метод расчета C1, C2 Метод 1

**Параметры расчета**  
 Коэффициент глубины сжимаемой толщи   
 Минимальная глубина сжимаемой толщи   
 Дополнительное постоянное напряжение по всей глубине

Учитывать вес грунта выше отметки приложения нагрузки  
 Вычислять результаты в пределах площади импортных нагрузок по укрупненной прямоугольной сетке шаг сетки

**Объединение нагрузок**  
 заменять смежные и близкие по величине нагрузки одной нагрузкой с средним значением  
 Количество диапазонов объединения

## 9 Сурет – «Грунт моделі» терезесі

Керекті коэффициенттер, оның ішінде сығылатын терендік коэффициенті  $k=0,5$  ҚР ЕЖ 5.01-102-2013 бойынша алынады.

«Подключить модель грунта» ашылып есептеуге керекті шамалар мен анықтамалар енгізіледі. Топырақтар құрамы беріледі.


Инструменттер панелінде характеристики грунта командасында 6 нұсқада топырақ түрі бойынша сипаттамалары енгізілді.

№	ИГЭ	Усп. обозн.	Наименование грунта	Цвет	Модуль деформации, т/м**2	Кэф-фициент Пуассона	Удельный вес грунта, т/м**3	Кэффициент перехода ко 2 модулю деформации	Природная влажность, допи	Показатель текущей IL	Вода Лесс	Кэффициент пористости e	Удельное сцепление Rc, т/м**2	Угол внутреннего трения F1, °	Предельное напряжения растяжения Rs, т/м**2	Кэффициент пропорциональности K, тс/м**4 и код грунта	
6	1		Насыпной		1000	0.3	1.8	5	0.05	0.2		0.7	0.5	16	0.1	700	Cf
7	2		Песок пылеватый		1800	0.3	1.75	5	0.25		W	0.54	0.1	31	0.02	1200	So
8	3		Супесь		2000	0.3	1.82	5	0.26	1.1	W	0.72	0.8	22	0.16	700	Sp
9	4		Суглинок тугоплас		1800	0.35	1.87	5	0.17	0.26		0.68	2	18	0.4	1592	Ls
10	5		Глина полутвердая		2200	0.42	1.92	5	0.02	0.15		0.8	5	16	1	1680	Cs
11	6		Суглинок		4000	0.35	1.8	5	0.1			0.35	0.1	28		1	500


Примечания: значения Rc, F1, Rs в расчете коэффициентов постели C1, C2 не используются, но задаются для последующего экспорта в жесткости ЛИРА-САПР. Значения IL и K используются для расчета жесткости свай (КЭ 57)

10 Сурет - Ғимарат асты топырақтары

Ұңғыма беру – ортадан координата беру арқылы жасалады. X бойынша , y бойынша ИГЭ 1. Тереңдігі 30 м.




11 Сурет - Ұңғыма беру



12 Сурет - Коэффициенты постели

Іргетас шөгуі ҚР ЕЖ 5.01-102-2013 бойынша, материалы болат болуы себепті В қосымшасы және іргетастың шөгуі В.1 кестесінде 15 см.



13 Сурет - Іргетас шөгуі

Шарт бойынша іргетас шөгуінің максималды мәні 15 см. Есеп бойынша іргетас шөгуі 0,16 см, максималды мәннен кіші болғандықтан, шарт орындалды.

## 2.5 Есептеу қорытындысы

Протокол расчета

Дата: 02.05.2021

Microsoft Windows 10 RUS 64-bit.

Размер доступной физической памяти = 1846177280

08:23 Чтение исходных данных из файла  
C:\Users\Public\Documents\LIRA SAPR\LIRA SAPR 2016  
NonCommercial\Data\тусупбаевам.txt

08:23 Контроль исходных данных основной схемы

Количество узлов = 5870 (из них количество неудаленных = 5870)

Количество элементов = 28053 (из них количество неудаленных = 27349)

ОСНОВНАЯ СХЕМА

08:23 Оптимизация порядка неизвестных

Количество неизвестных = 21360

РАСЧЕТ НА СТАТИЧЕСКИЕ ЗАГРУЖЕНИЯ

08:23 Формирование матрицы жесткости

08:23 Формирование векторов нагрузок

08:23 Разложение матрицы жесткости

08:23 Вычисление неизвестных

08:23 Контроль решения

РАСЧЕТ НА ДИНАМИЧЕСКИЕ ЗАГРУЖЕНИЯ

08:23 Формирование матрицы масс для динамического нагружения №8

08:23 Формирование матрицы масс для динамического нагружения №9

Вычисление собственных колебаний для динамических загрузений №№8 9

Суммарные массы:  $m_X=0$   $m_Y=0$   $m_Z=0$   $m_{UX}=0$   $m_{UY}=0$   $m_{UZ}=0$

08:23 Контроль пригодности схемы для вычисления собственных колебаний при таком приложении масс. Контроль осуществляется путем приложения масс как статических нагрузок

08:23 Вычисление собственных колебаний

08:23 Формирование векторов динамических нагрузок

Формирование результатов

08:23 Формирование топологии

08:23 Формирование перемещений

08:23 Вычисление и формирование усилий в элементах

08:23 Вычисление и формирование реакций в элементах

08:23 Вычисление и формирование эпюр усилий в стержнях

08:23 Вычисление и формирование эпюр прогибов в стержнях

08:23 Формирование форм колебаний

Суммарные узловыe нагрузки на основную схему:

Загружение 1  $P_X=-6.09864e-019$   $P_Y=8.13152e-019$   $P_Z=249.385$   
 $P_{UX}=6.84403e-019$   $P_{UY}=-1.27647$   $P_{UZ}=0$

Загружение 2  $PX=-1.38778e-016$   $PY=0$   $PZ=472.551$   $PUX=0$   $PUY=0$   
 $PUZ=0$

Загружение 3  $PX=1.38778e-016$   $PY=0$   $PZ=216$   $PUX=0$   $PUY=0$   $PUZ=0$

Загружение 4  $PX=-43.065$   $PY=0$   $PZ=0$   $PUX=0$   $PUY=2.90046e-014$   
 $PUZ=0$

Загружение 5  $PX=43.065$   $PY=0$   $PZ=0$   $PUX=0$   $PUY=-2.90046e-014$   
 $PUZ=0$

Загружение 6  $PX=0$   $PY=-106.227$   $PZ=0$   $PUX=-2.77833e-014$   $PUY=0$   
 $PUZ=0$

Загружение 7  $PX=0$   $PY=106.227$   $PZ=0$   $PUX=2.77833e-014$   $PUY=0$   
 $PUZ=0$

Расчет успешно завершен

Затраченное время = 0 мин

## 2.6 Конструкцияларды есептеу. Қол есебі

Ұстынды есептеу

Ұстынның қимасын тексеру [4]

Ұстын S355 болаттан жасалынды. Номиналды  $t \leq 40$  мм элементтің қалыңдығына байланысты аққыштық шегінің номиналды мәні  $f_y = 355 \frac{H}{мм^2}$ .

### 3.1 Кестеден [11]

Ұстынның 30К3 қимасының өлшемдері [3]:

Көлденең қимасының биіктігі  $h = 304$  мм;

Көлденең қимасының ені  $b = 300$  мм;

Қабырға қалыңдығы  $t_w = 11,5$  мм;

Сөрелің қалыңдығы  $t_f = 11,5$  мм.

Ұстынның көлденең қимасының ауданының мәні келесідей

$$A = A_w + 2A_f = 30,4 \cdot 1,15 + 2 \cdot 30 \cdot 1,15 = 101,315 \text{ см}^2$$

Инерция моментінің және радиустарының мәндері [11]:

у-у бойынша

$$I_y = \frac{bh^3 - (b-t_w) \cdot (h-2t_f)^3}{12} = \frac{30 \cdot 30,4^3 - (30-1,15) \cdot (30,4-2 \cdot 1,15)^3}{12} = 16892,4 \text{ см}^4;$$

$$i_y = \sqrt{\frac{I_y}{A}} = \sqrt{\frac{16892,4}{101,315}} = 12,9 \text{ см}$$

z-z бойынша

$$I_z = \frac{(h-2t_f) \cdot t_w^3 + 2 \cdot t_f \cdot b^3}{12} = \frac{(30,4-2 \cdot 1,15) \cdot 1,15^3 + 2 \cdot 1,15 \cdot 30^3}{12} = 5178,5 \text{ см}^4.$$

$$i_z = \sqrt{\frac{I_z}{A}} = \sqrt{\frac{5178,5}{101,315}} = 7,1 \text{ см}$$

Көлденең қимасының класқа жіктелуі

Болаттың аққыштық шегіне байланысты коэффициентті (5.2 кесте) [11]:



$$\varepsilon = \sqrt{\frac{235}{f_y}} = \sqrt{\frac{235}{355}} = 0,81$$

Қиманың сөресі үшін есептеу [11]:

$$c = \frac{(b-t_w-2r)}{2} = \frac{(300-11,5-2 \cdot 18)}{2} = 126,25 \text{ мм}$$

Сөренің енінің сөренің қалыңдығына қатынасы [11]:

$$\frac{c}{t_f} = \frac{126,25}{11,5} = 10,97 \text{ мм}$$

Қималар үшін рұқсат етілген шекті қатынас (5.5 Кесте). Үшінші санат [11]:

$$\frac{c}{t} \leq 14\varepsilon = 14 \cdot 0,81 = 11,34$$

Шартты тексеру

$$10,97 < 11,34$$

Шарт орындалды.

Ұстынның көлденең қимасының сөресінің санаты үшінші санатқа жатады.

Қиманың қабырғасы үшін есептеу [11]:

$$c = h - 2t_f - 2r = 245 \text{ мм}$$

Қабырға енінің қабырға қалыңдығына қатынасы [11]:

$$\frac{c}{t_w} = \frac{245}{11,5} = 21,3 \text{ мм}$$

Қималар үшін рұқсат етілген шекті қатынас (5.5 Кесте). Бірінші санат [11]:

$$\frac{c}{t} \leq 33\varepsilon = 33 \cdot 0,81 = 26,73 \text{ мм.}$$

Шартты тексеру

$$21,3 < 26,73$$

Шарт орындалды.

Ұстынның көлденең қимасының қабырғасының санаты бірінші санатқа жатады.

Шартты түрде, ұстынның екі ұшы топсалы байланыс ретінде қарастырылады.

Ұстынның есептік ұзындықтары

$L_{cr,y} = 4,95$  - ұстынның есептік ұзындығы у-у бойынша;

$L_{cr,z} = 4,95$  - ұстынның есептік ұзындығы z-z бойынша.

Ұстынның көлденең қимасын беріктікке тексеру

Беріктік шарты 6.9 формула [11]:

$$\frac{N_{Ed}}{N_{c,Rd}} \leq 1.$$

(8)

Көлденең қиманың көтергіш қабілетінің есептік мәні 6.10 формула [11]:

$$N_{c,Rd} = \frac{A \cdot f_y}{\gamma_{M0}} = \frac{101,315 \cdot 10^{-4} \cdot 355 \cdot 10^3}{1,0} = 3596,7 \text{ кН.}$$

мұнда  $\gamma_{M0}$  - жеке сенімділік коэффициенті.

Шартты тексеру

$$\frac{N_{Ed}}{N_{c,Rd}} = \frac{409}{3596,7} = 0,11 < 1.$$

Шарт орындалды.

Ұстынның көлденең қимасының беріктігі қамтамасыз етілген.

Ұстынның көтергіштік қабілетін орнықтылығы бойынша тексеру (7.1 пункт) [11]:

$$\frac{N_{Ed}}{N_{b,Rd}} \leq 1. \quad (9)$$

мұнда  $N_{b,Rd} = \chi \frac{A \cdot f_y}{\gamma_{M1}}$  [11];

$\gamma_{M1}$  = жеке сенімділік коэффициенті.

Тұрақтылықтың төмендету коэффициентін анықтау 7.4 [11]:

У бойынша

$$\chi_y = \frac{1}{\Phi_y + \sqrt{\Phi_y^2 - \lambda_y^2}} \quad (10)$$

Z бойынша

$$\chi_z = \frac{1}{\Phi_z + \sqrt{\Phi_z^2 - \lambda_z^2}} \quad (11)$$

мұнда  $\Phi_y = 0,5 \cdot [1 + \alpha(\lambda_y - 0,2) + \lambda_y^2]$  [11];

$\Phi_z = 0,5 \cdot [1 + \alpha(\lambda_z - 0,2) + \lambda_z^2]$  7.1.2(a) пункт [11].

Қиманың санатына байланысты 7.5 формула [11]:

$$\lambda = \frac{L_{cr}}{i} \cdot \frac{1}{\lambda_1} \quad (12)$$

мұнда  $L_{cr}$  – ұстынның есептік ұзындығы;

$i$  – инерция радиусы.

Шартты иілгіштік 7.1.3 пункт [11]:

$$\lambda_1 = \pi \sqrt{\frac{E}{f_y}} = 93,9\varepsilon \quad (13)$$

Шартты иілгіштік [11] [15]:

У бойынша

$$\lambda_y = \frac{L_{y,cr}}{i_y \cdot 93,9 \cdot \varepsilon} = \frac{495}{12,9 \cdot 93,9 \cdot 0,81} = 0,5;$$

Z бойынша

$$\lambda_z = \frac{L_{z,cr}}{i_z \cdot 93,9 \cdot \varepsilon} = \frac{495}{7,1 \cdot 93,9 \cdot 0,81} = 0,9;$$

Тұрақтылықты жоғалту қисықтар үшін бастапқы кемшіліктерді ескеретін коэффициенттерді анықтау [15]

Прокатты қима (7.2 Кесте)  $\frac{h}{b} = \frac{304}{300} < 1,2$  және  $t_f \leq 100$  мм осыған орай у бойынша тұрақтылық қисығы «b». Тұрақтылықты жоғалту қисықтар үшін бастапқы кемшіліктерді ескеретін коэффициент (7.1 Кесте)  $\alpha = 0,34$ . Z бойынша тұрақтылық қисығы «c». Тұрақтылықты жоғалту қисықтар үшін бастапқы кемшіліктерді ескеретін коэффициент  $\alpha = 0,49$  [11].

Есептеу жүргізгенде [11]:

$$\Phi_y = 0,5 \cdot [1 + \alpha(\lambda_y - 0,2) + \lambda_y^2] = 0,5 \cdot [1 + 0,34 \cdot (0,5 - 0,2) + 0,5^2] = 0,676;$$

$$\Phi_z = 0,5 \cdot [1 + \alpha(\lambda_z - 0,2) + \lambda_z^2] = 0,5 \cdot [1 + 0,49 \cdot (0,9 - 0,2) + 0,9^2] = 1,076.$$

Минималды тұрақтылықты төмендету коэффициенті  $\chi = 0,6$ .

Көтергіштік қабілеті 7.2 формула [11]:

$$N_{b,Rd} = \chi \frac{A \cdot f_y}{\gamma_{M1}} = 0,6 \cdot \frac{101,315 \cdot 10^{-4} \cdot 355 \cdot 10^3}{1,0} = 2157,9 \text{ кН.}$$

Тұрақтылықты тексеру 7.1 формула [11]:

$$\frac{N_{Ed}}{N_{b,Rd}} = \frac{409}{2157,9} = 0,18 < 1,0.$$

Шарт орындалды.

Бойлық иілу бойынша тұрақтылыққа байланысты көтергіштік қабілеті қамтамасыз етілді деп саналады.

Барлық керекті күштер Лира - САПР бағдарламасында есептелген есептен алынды.

*Ферманы есептеу*

Ферманың аралығы 36 м параллельді белдеулерімен. Параллельді белдеулер биіктігі 3,3 м. Ферма тордан және басқа да элементтерден тұрады. Ол элементтер жұптық теңсөрелі бұрыштардан тұрады.

Ферма екі белдеу бойынша босатылған.

Жоғарғы белдеудің көлденең қимасын таңдау:

Максималды есептік бойлық күш  $N_{Ed} = -709$  кН;

Ферманың жазықтығынан бөлек есептік ұзындық  $l_{ef,y} = 600$  см;

Ферманың жазықтығында есептік ұзындық  $l_{ef,y} = 300$  см;

Фасонка қалыңдығы  $t_f = 10$  мм.

Бір бұрыштың ауданы келесідей анықталады [15]:

$$A = \frac{N_{Ed}}{2 \cdot f_y} = \frac{709}{2 \cdot 33,5} = 10,5 \text{ см}^2.$$

Сортамент ГОСТ 8509-93 ыстықтай илектелген теңсөрелі бұрыштар бойынша  $\angle 90 \times 8$  ( $A = 13,93 \text{ см}^2$ ,  $I_x = 212,12 \text{ см}^4$ ,  $I_y = 499 \text{ см}^4$ ) [15].

Эйлер формуласы бойынша сыни күш [15]:

$$N_{cr,x} = \frac{\pi^2 \cdot EI_x}{L_{cr,x}^2} = 487,9 \text{ кН} < 709 \text{ кН}$$

Шарт орындалмайды, қиманы үлкейту керек.

Керекті инерция моментін табу  $I_x$  [15]:

$$I_x = \frac{N_{Ed} \cdot L_{cr,x}^2}{\pi^2 \cdot E} = \frac{709 \cdot 10^2 \cdot 300^2}{\pi^2 \cdot 2100000} = 308,18 \text{ см}^4$$

Сортамент ГОСТ 8509-93 ыстықтай илектелген теңсөрелі бұрыштар бойынша  $\angle 100 \times 10$  ( $A = 19,24 \text{ см}^2$ ,  $I_x = 357,9 \text{ см}^4$ ,  $I_y = 837 \text{ см}^4$ ) [15].

Эйлер формуласы бойынша сыни күш [15]:

$$N_{cr,x} = \frac{\pi^2 \cdot EI_x}{L_{cr,x}^2} = \frac{\pi^2 \cdot 2100000 \cdot 357,9 \cdot 10^{-2}}{300^2} = 823,3 \text{ кН} > 709 \text{ кН}$$

Шарт орындалды

Эйлер формуласы бойынша сыни күш [15]:

$$N_{cr,y} = \frac{\pi^2 \cdot EI_y}{L_{cr,y}^2} = \frac{\pi^2 \cdot 2100000 \cdot 837 \cdot 10^{-2}}{600^2} = 481,4 \text{ кН} < 709 \text{ кН}$$

Шарт орындалмайды.

Керекті инерция моментін табу  $I_y$  [15]:

$$I_y = \frac{N_{Ed} \cdot L_{cr,y}^2}{\pi^2 \cdot E} = \frac{709 \cdot 10^2 \cdot 600^2}{\pi^2 \cdot 2100000} = 1232,7 \text{ см}^4$$

Сортамент ГОСТ 8509-93 ыстықтай илектелген теңсөрелі бұрыштар бойынша  $L100*16$  ( $A=29,68 \text{ см}^2$ ,  $I_x = 527,64 \text{ см}^4$ ,  $I_y = 1367 \text{ см}^4$ ) [15].

Эйлер формуласы бойынша сыни күш [15]:

$$N_{cr,x} = \frac{\pi^2 \cdot EI_x}{L_{cr,x}^2} = \frac{\pi^2 \cdot 2100000 \cdot 527,64 \cdot 10^{-2}}{300^2} = 1213,8 \text{ кН} > 709 \text{ кН}$$

$$N_{cr,y} = \frac{\pi^2 \cdot EI_y}{L_{cr,y}^2} = \frac{\pi^2 \cdot 2100000 \cdot 1367 \cdot 10^{-2}}{600^2} = 786,2 \text{ кН} < 709 \text{ кН}$$

Шарт орындалды.

Бұрыштар бойынша тұрақтылық қисығы «b». Тұрақтылықты жоғалту қисықтар үшін бастапқы кемшіліктерді ескеретін коэффициент (7.1 Кесте)  $\alpha=0,34$  [11].

Шартты иілгіштік [11]:

$$\lambda_x = \sqrt{\frac{2Af_y}{N_{cr,x}}} = \sqrt{\frac{2 \cdot 29,68 \cdot 33,5}{1213,8}} = 1,27;$$

$$\lambda_y = \sqrt{\frac{2Af_y}{N_{cr,y}}} = \sqrt{\frac{2 \cdot 29,68 \cdot 33,5}{786,2}} = 1,59;$$

Төмендеткіш коэффициентті табуға керекті мән [11]:

$$\Phi_x = 0,5 \cdot [1 + \alpha(\lambda_x - 0,2) + \lambda_x^2] = 0,5 \cdot [1 + 0,34 \cdot (1,27 - 0,2) + 1,27^2] = 1,488;$$

$$\Phi_y = 0,5 \cdot [1 + \alpha(\lambda_y - 0,2) + \lambda_y^2] = 0,5 \cdot [1 + 0,34 \cdot (1,59 - 0,2) + 1,59^2] = 2,0;$$

Төмендеткіш коэффициент 7.4 формула бойынша [11]:

$$\chi_x = \frac{1}{\Phi_x + \sqrt{\Phi_x^2 - \lambda_x^2}} = \frac{1}{1,488 + \sqrt{1,488^2 - 1,27^2}} = 0,441$$

$$\chi_y = \frac{1}{\Phi_y + \sqrt{\Phi_y^2 - \lambda_y^2}} = \frac{1}{2 + \sqrt{2^2 - 1,59^2}} = 0,311$$

Минималды тұрақтылықты төмендету коэффициенті  $\chi=0,311$ .

Тұрақтылық бойынша сығылған элементтің жүк көтергіштігінің есептік мәні 7.2 формула [11]:

$$N_{b,Rd} = \chi \frac{2A \cdot f_y}{\gamma_{M1}} = 0,311 \cdot \frac{2 \cdot 29,68 \cdot 35,5}{1,0} = 655,3 \text{ кН.}$$

$$N_{b,Rd} = 655,3 < N_{Ed} = 709 \text{ кН}$$

Сортамент ГОСТ 8509-93 ыстықтай илектелген теңсөрелі бұрыштар бойынша  $L125*12$  ( $A=28,89 \text{ см}^2$ ,  $I_x = 844,46 \text{ см}^4$ ,  $I_y = 1878 \text{ см}^4$ ) [15].

Тексеру Эйлер формуласы бойынша сыни күш [15]:

$$N_{cr,x} = \frac{\pi^2 \cdot EI_x}{L_{cr,x}^2} = \frac{\pi^2 \cdot 2100000 \cdot 844,46 \cdot 10^{-2}}{300^2} = 1942,74 \text{ кН} > 709 \text{ кН};$$

$$N_{cr,y} = \frac{\pi^2 \cdot EI_y}{L_{cr,y}^2} = \frac{\pi^2 \cdot 2100000 \cdot 1878 \cdot 10^{-2}}{600^2} = 1080,12 \text{ кН} < 709 \text{ кН};$$

Шартты иілгіштік [11]:

$$\lambda_x = \sqrt{\frac{2Af_y}{N_{cr,x}}} = \sqrt{\frac{2 \cdot 28,89 \cdot 33,5}{1942,74}} = 0,845;$$

$$\lambda_y = \sqrt{\frac{2Af_y}{N_{cr,y}}} = \sqrt{\frac{2 \cdot 28,89 \cdot 33,5}{1080,12}} = 1,133;$$

Төмендеткіш коэффициентті табуға керекті мән [11]:

$$\Phi_x = 0,5 \cdot [1 + \alpha(\lambda_x - 0,2) + \lambda_x^2] = 0,5 \cdot [1 + 0,34 \cdot (0,845 - 0,2) + 0,845^2] = 0,961;$$

$$\Phi_y = 0,5 \cdot [1 + \alpha(\lambda_y - 0,2) + \lambda_y^2] = 0,5 \cdot [1 + 0,34 \cdot (1,133 - 0,2) + 1,133^2] = 1,312;$$

Төмендеткіш коэффициент 7.4 формула бойынша [11]:

$$\chi_x = \frac{1}{\Phi_x + \sqrt{\Phi_x^2 - \lambda_x^2}} = \frac{1}{0,961 + \sqrt{0,961^2 - 0,845^2}} = 0,696$$

